Қарағанды облысының шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысішілік қаларалық) және қала маңындағы қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс қорытындыларының №1 ХАТТАМАСЫ.

Қарағанды қ. **2026 жылғы 23 қараша**

1. Конкурстық комиссия келесі құрамда:

Қожанов Мақсұт Жолдыбайұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ басшысы, комиссия төрағасы
Мұқышев Мерген Мейрамұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ басшысының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
Мақышов Қазыбек Саятұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ жолаушылар көлігі және тасымалдау бөлімінің басшысы, комиссия хатшысы
Кветинский Игорь Игнатьевич	-	Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасы Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің 1-санатты сарапшысы, (келісім бойынша)
Қонақбаев Марат Жолдыбекұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ заңгері, (келісім бойынша)

Қарағанды облысының шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысішілік қаларалық) және қала маңындағы қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізді (бұдан әрі - Конкурс).

2. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың тендерлік өтінімдерін қарап, келесі шешімдер қабылдады:

2.1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 30 қазандағы №113 бұйрығымен бекітілген, Шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу

қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 42 т. 2 тармақшасына сәйкес «Ulytau Express» ЖШС-нің **№1 лот бойынша** тендерлік өтінімі қайтарылсын *(Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы №333 бұйрығымен бекітілген, Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау қағидаларының (бұдан әрі - Мемлекеттік тіркеу қағидалары) 3 т. сәйкес, меншік нысанына, қолданылу саласы мен орнына қарамастан мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге жылжымалы құрам бірліктері жатады. Сондай-ақ, Мемлекеттік тіркеу қағидаларының 6 т. сәйкес, жылжымалы құрам меншік құқығын алған сәттен бастап, немесе оларды тіркеуге, қайта тіркеуге әкелетін жағдайлар туындаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік тіркелуге жатады. Қағидалардың 22 т. 4 тармақшасына қайшы конкурсқа ұсынылған 10 вагонның 9-на «Ulytau Express» ЖШС-не берілген мүліктік жалдауға (жалға алуға) құқығындағы жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәліктері ұсынылмаған).*

2.2. Қағидалардың 42 т. 2 тармақшасына сәйкес «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның **№1, 2, 3, 4, 5, 6 лоттар бойынша** тендерлік өтінімі қайтарылсын *(Қағидалардың 22 т. 5 тармақшсына сәйкес, тендерге қатысу үшін қызмет көрсетудің бірінші жылының соңына дейінгі, яғни 2027 жылдың соңына дейінгі мерзімде ұсынылған тендерге мәлімделген, тасымалдаушының меншік құқығын немесе жолаушылар жылжымалы құрамын жалға алуын растайтын құжаттардың нотариалдық куәландырған көшірмесі ұсынылады. Аталған талапқа растаушы құжат ретінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ келесі келісім-шарттардың көшірмелерін ұсынған:*

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Вагонсервис» АҚ арасында жасалған және қолданылу мерзімі 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі 2026 жылғы 16 қаңтардағы №1176545/2026/2 қызметтерді сатып алу туралы электрондық шарттың (жолаушылар вагондарын және оған теңестірілген вагондарды жалға алу жөніндегі қызметті көрсету туралы) көшірмесі;

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Вагонсервис» АҚ арасында жасалған және қолданылу мерзімі 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі 2026 жылғы 27 қаңтардағы №1176545/2026/5 қызметтерді сатып алу туралы шарттың (мотор-вагонды жылжымалы құрамды, жолаушылар вагондарын және оған теңестірілген вагондарды жалға алу жөніндегі қызметті көрсету туралы) көшірмесі;

- 2026 жылғы 27 қаңтардағы №1176545/2026/5 қызметтерді сатып алу туралы шартқа 2026 жылғы 28 қазандағы №1176545/2026/5-2 қосымша келісімнің (тапсырыс берушінің атауы бөлігінде өзгерістер енгізу туралы) көшірмесі.

Жоғарыда баяндалғаннан тасымалдаушының меншік құқығын немесе жолаушылар теміржол жылжымалы құрамын жалға алуын растайтын құжаттардың мерзімдері Қағидалардың 22 т. 5 тармақшасының талаптарына сәйкес келмейтіні туындайды).

3. Қағидалардың 43 т. сәйкес тендерге қойылған лоттар бойынша тендердің шарттарына жауап беретін және Қағидаларға сәйкес тендерге қатысу құжаттарын

тендерге тапсырған бірде-бір тасымалдаушы болмауына байланысты, **№№1, 2, 3, 4, 5, 6 лоттар бойынша конкурс** өткізілмеді деп танылсын.

4. Қағидалардың 56 т. сәйкес **№№1, 2, 3, 4, 5, 6 лоттар бойынша** қайта тендер өтізілсін.

5. Конкурсты ұйымдастырушы – «Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ Қағидалардың 47 т. сәйкес:

1) конкурстың қорытындысы туралы хаттаманың көшірмесін конкурсқа қатысушыларға жіберсін;

2) қол қойылған конкурстын қорытындысы туралы хаттаманың мәтінін интернет-ресурс арқылы жарияласын.

Комиссия төрағасы: **М. Қожанов**

Төрағаның орынбасары: **М. Мұқышев**

Комиссия мүшелері: **И. Кветинский**

М. Қонақбаев

Комиссия хатшысы: **М. Мақышов**

Қатыспағандар: С. Қуанышбеков *(іс-сапарда болуына байланысты)*